

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 МООЖ бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жалпы жағдай	4
2 МООЖ және сабақтар түрлері бойынша оқу сағатының тақырыптық жоспары	4
2.1 Оқу сағатының тақырыптық жоспары	4
2.2 Теориялық сұрақтар тізімі	5
3 МООЖ-ге арналған тапсырмалар	7
4 Әдебиеттер тізімі	18

Өздік жұмыс екіге бөлінеді-магистранттың оқытушымен өздік жұмыс (МОӨЖ) және магистранттың өздік жұмысы (МӨЖ).Кредиттік жүйемен оқытудың міндеті студенттерді ұйымшылдыққа және өз бетімен білім алуға оқыту болып табылады. Сәйкесінше студент пен оқытушының арасында келесідей жұмыстардың циклі қалыптасады.Оқытушының магистранттармен жұмысының (ОМЖ) типтік жеке циклы келесідей үш негізгі қызметтерді атқарады.

Оқытушының алғашқы қызметі- орнату (тақырыпқа кіріспе, мақсатын, тапсырмаларын орнату, тәжірибелік пайдалылықты, материалдың негізгі бөлімдерін, нұсқаулықтарды сипаттау).Бұл магистранттардың арық қарай жұмыс істеуіне жеткілікті болуы керек.

Оқытушының екінші қызметі- кеңестік-түзету. Ол оқу әрекеттерінің орындалуында студенттердің дербес жұмысында кеңестік көмек көрсетуден, жеке кеңестерді өткізуден және дәлелденген әрекеттерді жүзеге асырудан тұрады.Берілген қызметті оқу бағдарламасы барысында тьюторлар атқарады.

Оқытушының үшінші қызметі-бақылау-бағалық. Ол тестілеуді өткізуді, білім мен магистранттардың іскерігін, олардың негізгі қиындықтарының диалогын, оқытушының «дұрыс» ісін демонстрациялауды ұйымдастыру.

Оқытушының басшылығымен магистранттардың типтік жеке циклі өзіне келесідей төртнегізгі функцияларды қосады.

Бірінші- оқу пәні бойынша орнатылған сабақтар кезінде оқытушыдан алынған ақпараттарды магистранттардың белсенді қабылдауын жүзеге асыруды болжау.

Екінші функция- магистранттар өз бетімен, оқытушының нұсқаулығы негізінде оқу-әдестемелік нұсқаулықты, әдебиет көздерін зерттейді, үй тапсырмаларын, бақылау және курстық жұмыстарды орындайды, тестілеуден өтеді және т.б.

Бұл сатыда магистранттардан жұмыс әдістерін білу, өз қиындықтарын бекіту, ұйымшылдық және өзін ұстай білушілік талап етіледі.

Магистранттардың үшінші функциясы өздерінің қиын жағдайларын сараптап, бір жүйеге келтіру, оқу материалын түсіну мен игеруде, басқа да оқу жағдайларын орындауда қиыншылықтардың себептерін табу. Магистранттар оқытушы үшін шешілмес қиындықтарды сұрақтар түріне ауыстырады, бұл сұрақтарға өз жауаптарын айтады.

2 МОӨЖ ЖӘНЕ САБАҚТАР ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ОҚУ САҒАТЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

2.1 Оқу сағаттарының тақырыптық жоспары

2.1 Кестесінде «ҚЕХС сәйкес банктердегі есеп және есептілік» пәні бойынша және МОӨЖ сабақ түрлерінің тақырыптық жоспары келтірілген

Кесте 2.1 - сабақ түрлері бойынша және МОӨЖ тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Дәріс, сағат	МОӨЖ, сағат	Әдебиет
1	Екінші деңгейлі банктердегі бухгалтерлік есептің мәні мен ерекшелігі	1	2	3,9,24
2	ҚЕХС сәйкес банктегі есеп беру және есептің концептуалды негіздері. ҚЕХС енгізу мәселелері мен қажеттілігі	2	4	24

3	Банктік шот туралы түсінік және есеп айырысу операцияларын ұйымдастыру	1	2	10-13,16,17,24
4	Қаражаттарды тарту және орналастырумен байланысты операциялардың есебі мәселелері	1	2	10-13,24,28-30
5	Қаржылық құралдардың есебін жүргізу мәселелері (ҚЕХС 32.39)	1	2	24,29,30
6	Банктердің дәстүрлі және дәстүрлі емес операциялар есебі: лизингтік, трасттық, факторингтік және форфейтингтік операциялар есебі, сейфтік қызметтер	3	6	10-17,24
7	Банктерге басқару есебін енгізу мәселелері	1	2	24
8	Банктің қаржылық есептемесінің құрамы мен элементтері	3	6	24
9	Табыстар мен шығыстарды тану және оларды бухгалтерлік есепте көрсету	2	4	10,13-17, 24

2.2 Теориялық сұрақтардың тізімі

Тақырып 1. Екінші деңгейлі банктердегі бухгалтерлік есептің мәні мен ерекшелігі .

ЕДБ-дағы бухгалтерлік есептің мақсаттары, принциптері және функциялары. Бухгалтерлік есептің нысаны, пәні, әдістері. Бухгалтерлік есеп принциптері. Бухгалтерлік есеп ақпарат жүйесі сияқты. Ақпаратты қолданушылар. Банктегі қаржылық және басқарушылық есеп. Бухгалтерлік есепті реттеу: заңдар, стандарттар, нормалар.

Екінші деңгейлі банктердегі бухгалтерлік есептегі шот жоспары. Аналитикалық есеп. Синтетикалық есеп.

Тақырып 2. Есептіліктің және ҚЕХС-ке сәйкес банк есептілігінің концептуалдық негіздері. ҚЕХС-ті енгізудің қажеттілігі мен проблемалары.

Тақырып 3. Банк шоты және есеп-қисап операцияларының ұйымы туралы түсінік.

Банк шоты жайлы түсінік, оның ашудың реті, ҚР банктеріндегі енгізу мен жабылу. Есеп-қисап операциялары мен олардың топтастырылуы. Төлем тапсырмасымен есеп-қисап есебі. Төлем-талап тапсырмасымен есеп-қисап есебі. Инкассиялық бұйрықтармен есеп-қисап есебі. Чектермен есеп-қисап есебі. Вексельдермен операциялар есебі. Аккредитивтік формадағы есеп-қисап есебі. Банк карточкаларымен есеп-қисап есебі.

Тақырып 4. Ақша қаражаттарын тарту мен оны орналастыру есебінің проблемалары.

Депозиттік операциялар туралы түсінік. Депозиттердің түрлері. Депозиттерді сақтандыру ұйымы. Депозиттерді тарту мен қайтарудың есебі. Есептелінген пайыздар есебі. ҚР-дағы банктердегі несиелендіру ұйымы. Заемшының несиеге қабілеттілігінің сараптамасы. Несиені беру мен қайтарудың есебі. Берілген несиелер бойынша есептелген және алынған пайыздар есебі. Несие мониторингі. Банктегі ссудалық портфельді топтастыру және топтастырылған несиелер бойынша қорлар құру.

Тақырып 5. Қаржы құралдары есебінің проблемалары (ҚЕХС 32.39)

Тақырып 6. Дәстүрлі және дәстүрлі емес банк операцияларының есебі: Лизингтік операциялар есебі, траст операцияларының есебі, факторингтік және форфейтингтік операциялар есебі. Лизингтік операциялар және олардың сипаты. Лизингтік

операциялардың есебі. Сенімді операциялардың мәні. Траст операцияларының есебін ұйымдастыру. Факторингтік операциялар есебі. Форфейтингтік операциялар есебі. Екінші деңгейлі банктердің сейфтік қызметтері.

Тақырып 7. Банктерге басқарушылық есепті енгізу проблемалары.

Тақырып 8. Банктің қаржылық есептілігінің құрамы мен элементтері.

Екінші деңгейлі банктердің қаржылық есептілігінің концепциясы. Принциптар. Қаржылық есептіліктің негізгі мақсаты. Қаржылық есептіліктің элементтері және оның түрлері.

Тақырып 9. Шығындарды, табыстарды мойындау және олардың бухгалтерлік есептегі көрінісі.

Табыстар мен шығындарды мойындаудың тәсілдері мен белгілері. Банк табыстарының топтастырылуы. Банк шығындарының топтастырылуы. Табыстар мен шығындардың есептегі көрінісі, қаржылық нәтижені анықтау

3 МОӨЖ-ГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

3.1 Бухгалтерлік есеп- ақпараттық жүйе

Қазақстан Республикасындағы есеп жүйесін құрудың ұйымдастырушылық негізі. Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп жүйесі мен қаржылық есептілікті нормативтік реттеудің 4 сатылық схемасы қызмет жасайды:

I) Заң күшіне ие « Бухгалтерлік есеп туралы» 26.12.1995 жылғы № 2732 Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығы

II) №2ҰҚЕС

III) Типтік шот жоспарларын дайындаудың нұсқаулығы (ҚР қаржы министрінің 23.05.2007 жылғы № 185 бұйрығы).

IV) Кәсіпорынмен құрастырылып, бекітілген бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды оқып шығу қажет.

3.2 Нақты бір банктің бухгалтерлік балансымен танысу

Банк балансы берілген шоттар негізінде жасалады. Банктің бухгалтерлік есебінде шоттарды белгілеу шаруашылық қаражаттарын және шаруашылық үрдістері жайлы және банк ісі мен олардың қозғалысын бақылау мақсатында банк операцияларын экономикалық топтастыру болып табылады.

Мақалаға және баланс құрылымына сәйкес шоттар активті, пассивті және контрактивті болып бөлінеді.

Активтік баланс шоттарында есепке алынады: кассадағы қолма-қол ақша қаражаттары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер, инвестицияларға шығындар, дебиторлық қарыздар, негізді қаражаттар мен материалдық емес активтер, шығындар мен басқа да активтер.

Пассивтік баланс шоттарына келесілер жатқызылады: банк қоры, азаматтар мен шаруашылық қаражаттары, депозиттер, банк кірісі, кредиторлық қарыз, басқа да пассивтер.

Контрактивтік шот баланстарында негізгі қаражаттардың есептелінген амортизациясы ,материалдық емес активтер көрініс табады.

Бұл шоттардың схемасы келесдей (схема 1,2,3)

1. Активті шоттың схемасы

Дебет	Кредит
Есепті кезеңнің бастапқы сальдосы	
Шоттың артуы (+)	Шоттың кемуі
Айналым	Айналым
Кезең соңына сальдо	

2.Пассивтік шоттың схемасы

Дебет	Кредит
Шоттың кемуі Айналым	Есепті кезеңнің бастапқы сальдосы Шоттың артуы (+) Айналым Кезең соңына сальдо

3.Контрактивтік шоттың схемасы

Дебет	Кредит
Есепті кезеңнің бастапқы сальдосы Материалдық емес активтердің негізгі қаражаттарының шотының артуы, МБП (+) Кезең соңына сальдо	Амортизация сомасы (шоттар: 1659, 1692, 1693, 1694, 1695, 1696, 1697, 1698, 1699)

Есеп

Егер 01.01.200__ж. келесідей банк қаражаты қалдықтары(мың теңге) бар болса, баланс құру :

1. Қолма-қол валюта	15469
2. ҚР Ұлттық Банкінде депозиттер	5518
3. Басқа банктердегі бағалы қағаздар	5149
4. Бағалы қағаздар	7984
5. Ссудалар мен лизингтер	74230
6. Негізгі қаражат (амортизацияны шегергенде)	19766
7. Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде)	3306
8. Басқа да активтер	30396
9. Талап етуге дейін депозиттер	34996
10. Денеу депозиттер	20161
11. Басқа да міндеттер	1225
12. Банктің резервтік қоры	269
13. Негізгі қаражаттарды қайта бағалау қоры	26
14. Өндіруші және әлеуметтік даму қоры (өткен жылдың бөлінбеген таза кірісі)	44
15. Бөлінбеген таза кіріс (жабылмаған шығын)	5097
16. Жарғылық капитал	100000

3.3 Банктің құжат айналымын зерттеу.Банк ішіндегі бақылау.

Бухгалтерлік есепте алынатын ақпараттың заңгерлік толыққандығы және дәлелді анықтылығы шоттарда көрсетілетін әрбір шаруашылық операциясының құқықтық растауын негізге алады. Бухгалтерлік құжат шоттардағы одан әрі жалпылауға жататын шаруашылық операциялары жайлы мәліметтерді қамтиды. Ол операцияны жүзеге асыру фактісін және оны жүзеге асыруға құқығын растауы қажет. Оны дайындау барлық заң нормаларына сәйкес келуі керек

Ақша-есептік құжаттар банк операцияларының сипатына байланысты кассалық, мемориалдық және баланс сыртындағы болып бөлінеді.

Банкішілік бақылау орындалатын операциялардың және ақша қаражаттары мен материалдық байлықтардың заңды болуын қамтамасыз ету мақсатымен жүзеге

асырылады. Орындалатын операцияларға байланысты банкішілік бақылау алдын ала (ағымдағы) және келесі деп бөлінеді.

Есеп

Тапсырманың берілгенін негізге ала отырып, алғашқы құжаттарды толтыру, толтырылатын құжаттарға байланысты топтастыру белгілері арқылы түгендеу, құжаттарды тексеру кезінде табылған қателерді түзету.

3.4 Кассалық операциялардың есебі. Банк кассасынан қолма-қол ақша қаражаттарын қабылдау және беру.

3.4.1 Кассалық операциялардың есебі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» 13.12.1993 жылғы . № 2591-ХІІ және Қазақстан Республикасы Президентінің « Қазақстан Республикасының банктері және банк ісі туралы » 31.08.1995 жылғы №2444 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

3.4.2 Екінші деңгейлі банктердің атқаратын операцияларының бір түрі кассалық операциялар: қабылдау, қайтадан есептеу, айырбастау, банкноталар мен монеталарды сақтау мен орау.

3.4.3 Есеп

Төменде келтірілген операциялар негізінде сәйкес алғашқы құжаттарды толтыру керек.

Операция мазмұны	Сома	Дт	Кт
1. Қолма-қол жарнаға жарнама- клиентпен есеп айырысу шотына көмек берілген.	5400,0	?	?
2. Клиенттің есеп айырысу шотына енгізілді.	900,0	?	?
3.Чек № 15095 – еңбекақыны төлеуге берілді.	1200,0	?	?
4.Клиенттің төлем тапсырмасына сәйкес шығарылды	800,0	?	?
5. Кор.шоттан анықтама және шығыс кассалық ордері	4600	?	?
6. Шығыс кассалық ордер- выдан в подотчет на приобретение МБП	80	?	?
7. Депозит салымдары бойынша пайыздар төленді	300	?	?

3.5 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде корреспонденциялық шоттар арқылы төлем тапсырмасы есебін жүзеге асырудың тәртібі.

3.5.1 Есеп

Төменде көрсетілген операциялар негізінде сәйкес алғашқы құжаттарды толтыру керек.

1. Көрсетілген төлемдер :


- зейнетақы қоры	379,0		Дт		Кт
- қаражатқа кіріс салығы	210,0	Дт		Кт	
- әлеуметтік салық	80,0		Дт		Кт

Бірыңғай корреспонденциялық шоттар арқылы банкаралық төлемдер жүргізген жағдайда әрбір банкке орналасқан орнына байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің облыстық басқармаларында корреспонденциялық шоттар ашылады.

Бірыңғай корреспонденциялық шоттың жұмысы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің аймақтық басқармалары арасындағы корреспонденциялық қатынас туралы келісімшартта қадағаланады. Барлық қазақстан Республикасының коммерциялық банктері Ұлттық банкте міндетті түрде шоттар ашатынына байланысты, бірыңғай

корреспонденциялық шоттар арқылы есеп айырысу бүгінгі күні кең таралған болып есептелінеді.

Бірыңғай корреспонденциялық шоттар арқылы құжаттарды жүзеге асыру тәртібі келесідей болып келеді



Сурет 1 – Бірыңғай корреспонденциялық шоттар арқылы төлем тапсырмасының есеп айырысу схемасы

1. Жабдықтаушы мен сатып алушының арасында келісімшарт жасалады.
2. Тауарларды түсіру немесе қызметтер көрсету жүзеге асырылады.
3. Төлеуші-сатып алушы төлем тапсырмасын төрт данаға жазып ,өз банкіне ұсынады.
4. Клиенттің банктік шотын жүргізетін есептік-операциялық қызметкер төлем тапсырмасының дұрыс толтырылуын тексереді, қойылған қолдар үлгісі мен мөр таңбасын салыстырады, қол қойып, дата мен банк штапмын қояды.

3.6 Банкаралық несие есебі

3.6.1 Есеп

Төменде көрсетілген операциялар негізінде сәйкес алғашқы құжаттарды толтыру керек.

Операция мазмұны	Сома	Дт	Кт
1. Банкаралық кредит бойынша пайыздар енгізілді	130,0	?	?
2. Несиелік келісімшарт- бұйрық-берілген ссуда клиенттің есеп шотына енгізілді	1600,0	?	?
3. Кор.шоттан анықтама- Центркредит банкінің банкаралық несиесі өтелді	2800,0	?	?

3.6.2 Банктер арасында несие қорларын сатып алу-сату шарты жасалғанда банкаралық несие пайда болады.

Банкаралық несие келесі құжаттар негізінде беріледі:

- Несие сомасы көрсетілген арыз, оны пайланудың мақсаты және қайтару уақыты;
- Нотариуспен бекітілген жарғы (көшірме)
- Бір жылға және несиеге арызды ұсынған күнге банк балансы;
- Экономикалық нормативтер есебі;
- Баланстың жеке бөлімдері бойынша бөлу;
- Несиенің болуын қамтамасыз ету.

3.7 Негізгі қаражаттардың есебі

Негізгі қаражаттарға Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құны 40 есептік көрсеткіштен кем емес болып келетін ,пайдалануы ұзақ мерзімге ие материалды активтер жатады.

Негізгі қаражаттар баланста алғашқы құны бойынша есептеледі.

Аналитикалық есеп теңгемен, әр затқа жеке жасалған ОС6 формасындағы карточкалармен жүргізіледі. Карточкаларда келесілер көрініс табуы керек:

- 1 Нысанның толық атауы мен тағайындалуы.
- 2 Моделі, түрі, маркасы, зауыттық нөмірі, шығарылған жылы.
- 3 Эксплуатацияға кіргізуі жайлы белгі, накладнойдың нөмірі мен күні.
- 4 Аналитикалық шоттың шифры, нөмірі.
- 5 Инвентарь нөмірі.
- 6 Алғашқы құны.
- 7 Қайта бағалауға, дұрыс бағаламанға, түсіруге душар болған негізгі құралдар- бұл есепте көрсетілген ағымдағы құн.
- 8 Амортизациялық шығарулардың шифры, нөмірі, есептелінген амортизация сомасы.
- 9 Есептегіш машинаға инвентарлық карточкада және бағалы металдарды құрайтын басқа инвентарь, жоғары жағында ерекшелейтін белгі –БМ, бағалы металдардың түрі және оның мөлшері.
- 10 Қайта құраудың, аяғына дейін құру және бұрынғы инвентарь карточкасын толық жарақтандыру нәтижесінде нысанның сипатында сапалылық және сандық өзгерістер болған жағдайда, сонымен бірге қайта құралған нысанды сипаттайтын көрсеткіштер байқалмаған жағдайда, жаңасына ауыстыру қажет.

Есеп

1. Төменде келтірілген негізгі құралдар қандай баланстық шоттарға жататынын анықтау және осы шоттар бойынша қалдықтарды көрсету. Негізгі құралдар құрамына кіретін заттардың минималды құнын көрсету.

Негізгі құралдар атауы	Баланстық құн	Тозу сомасы
1. Ғимарат	80000	16050
2. Тұрғын үй	60000	9000
3. Кеңселік жиһаз	40000	20000
4. ЭЕМ	150000	30000

2. Жыл аяғындағы жағдай бойынша коммерциялық банкте негізгі құралдар бойынша 45000 мың теңге сомасында амортизация есептелінген. Бухгалтерлік тізбелерді жасау.

3.8 Тез тозатын және аз бағаланатын заттардың есебі

Тез тозатын және аз бағаланатын заттар банк балансында иемдену құны бойынша есепке алынады Аналитикалық есеп №1658 баланс шотында инвентарлық нөмірі көрсетілген әрбір заттың түріне бүтін теңгемен МБ-2 формасында (қосымша 2) карточка түрінде жүргізіледі. Бұған қоса тез тозатын және аз бағаланатын заттарға негізгі құралдардан нөмірлерді қолданған жөн. Инвентарь негізгі құралдар құрамынан №1658 «ТТАБЗ» баланс шотына ауысады.

Банк тез тозатын және аз бағаланатын заттарды екі тәсілмен иемденеді:

1) Тауар үшін жабдықтаушыға алдын ала төлеу. Алдын ала төлеу белгіленген аванс мөлшерінде (жеткізу сомасынан 30%) алынады, Предварительная оплата происходит в пределах установленного аванса (30% от суммы поставки), жеткізу сомасының қалған бөлігі жабдықтаушыға инвентарды алғаннан кейін толығымен төленеді.

2) Факт бойынша төлем кезінде банк жабдықтаушыдан тауарды алғаннан кейін гана төлем жасайды.

Тез тозатын және аз бағаланатын заттарды істен шығару « Негізгі құралдардың жарамсыз болуына байланысты, басқа да материалдық байлықтарды , тез тозатын және аз

бағаланатын заттарды және дебиторлық берешекті баланстан шығару тәртібі туралы жағдайында » жүзеге асады.

Есеп

3) Төменде келтірілген тез тозатын және аз бағаланатын заттар қандай баланстық шоттарға жататынын анықтау. Бухгалтерлік тізбелерді құру.

Операция мазмұны	Сома	Дт	Кт
1. сатып алынатын ТТАБЗ үшін банкпен өтелді	80,0	?	?
2. алынған ТТАБЗ банкпен кірістелді	80,0	?	?
3. банк складынан ТТАБЗ эксплуатацияға берілді	75,0	?	?
4. ТТАБЗ бойынша амортизация есептелінді	95,0	?	?

2. ТТАБЗ ге не жатады?

3. ТТАБЗ банк балансында қандай баға бойынша есептелінеді?

3.9 Материалдық қорлар есебі

Банк мекемесі саласы үшін қажет материалдар (жанар-жағар май, құрал-сайман, дөңгелектер, инкассаторлық сөмкелер, пломбалар, ақша үшін қажет орамала және т.б.) бухгалтерлік есепте 1602 «Басқа да материалдық запастар» шотында есепке алынады. Аналитикалық есеп материалдардың қажеттілігін және материалдардың қозғалысын бақылауын есепке ала отырып жүргізіледі.

Есеп

Коммерциялық банк алдын ала төлеу жағдайында 80 мың теңге және 100 мың теңгеге кеңсе тауарларын және көшірме үшін қажет қағаздарды иеленді. Банк төрағасымен бекітілген актіге сәйкес бір уақытта бір ай ішінде жұмсалған 30 мың теңгелік жіп, 20 мың теңгеге қағаз, автокөлік үшін 100 мың теңгеге жанар-жағар май алынып тасталды. Бухгалтерлік тізбелерді жасау, шаруашылық материалдарының аналитикалық есебіне сипаттама жасау, субшоттар бойынша бет шоттарын топтастыру тәртібі.

3.10 Материалдық емес активтер есебі

Материалдық емес активтер- табыс әкелетін банктің ұзақмерзімді шығындары.

Қазақстан Ренспубликасының бухгалтерлік есеп және есептілік жайлы жағдайға сәйкес банктің материалдық емес активтер құрамына бағдарламалық жабдықтау, маркетинг, патенттер, лицензиялар, тауарлық белгілерге құқық, тауар маркалары мен басқа да активтер.

Материалдық емес активтер бухгалтерлік есептің және есептіліктің иемдену шығындарының сомасы мен оларды қолдануға жармадылыққа жеткізгенге дейінгі шығындарында көрініс табады. Эксплуатация барысында материалдық емес активтер өздерінің алғашқы құнын кәсіпорында, мекемелерде аңқалатын шығындарға аударады. Тиімді пайдаланудың мерзімін анықтау мүмкін емес материалдық емес активтер бойынша тозу нормасы 10 жылмен есептеледі. Материалдық емес активтер есебі үшін шоттар жоспарында 1659 (925) «Материалдық емес активтер» шоты арналған.

Әрбір алынған материалдық емес активтер түрі үшін жеке бет шоты ашылып, жұмсалған шығындарды қоса алғанда алғашқы сома бойынша есепке алынады.

Амортизация ай сайын біркелкі құнын шығару бойынша есептеледі. Амортизация нормасын банк алғашқы құнынан және тиімді пайдалану мерзімінен шыға отырып өз бетімен есептейді.

Есеп

1. Төменде келтірілген материалдық емес активтер (МЕА) қандай баланстық шоттарға жататынын анықтау. Бухгалтерлік тізбелер жасау.

Операциялар мазмұны	Сома	Дт	Кт
1. алынған МЕА үшін банкпен төленді	80,0	?	?
2. МЕА ге банкпен кірістелді	80,0	?	?

3. МЕА бойынша амортизация есептелді	95,0	?	?
4. МЕА банкпен шығарылды	30,0	?	?
2. МЕА ге не жатады?			
3. МЕА есебі ұандай шотта жүргізіледі?			

3.11 Банктің өз капиталының есебі

Банктің өздік капиталы – бұл банктің міндеттемелер сомасын алып тастағандағы активтерінің сомасы. Жарғылық капитал немесе қор банктің өз қаражатын құрудың негізгі көзі болып табылады және акционерлер салған қаражаттар жиынтығын көрсетеді. Жарғылық қорды жинақтаудың тәртібі банк заңымен және жарғысымен реттеледі.

Банк акциялары құжаттық емес формада, шот-іс бойынша жазбалар түрінде шығарылады. Шот есебі жүйесінің негізгі құжаты болып шот-істерден алынған анықтамалар есептеледі.

Банктің жарғылық қоры шоттар жоспарында «3000» шотында көрініс табады.

Банктің жарғылық қорының қаражатын көбейту мақсатында жаңа акционерлерді тарта отырып, қосымша банк қаражаттары мобилизацияланады.

Есеп Бухгалтерлік өткізбелерді жасау:

Кесте 2 Шаруашылық операциялар

Операциялар мазмұны	Сома	Дт	Кт
1 Жарғылық капиталдың сомасы жарияланды	5000000		
2 Құрылтайшылар кассаға ақша қаражатын енгізді	2000000		
Кесте 2 жалғасы			
3 Акциялардың айналымынан алынып тасталған (кассадан ақша берілді)	30000		
4 Жарғылық капитал акциялардың айналымынан алынып тасталған сома есебінен азайды	30000		
5 Үлестің алынып тасталған сомасын басқа құрылтайшылар иемденді, ақша есеп айырысу шотына келіп түсті	30000		
6 Айналымға қосымша акциялар шығарылды	15000		
7 Қосымша шығарылған акциялар бойынша есеп айырысу шотына ақша келіп түсті	15000		
8 Құрылтайшылар жарғылық капиталға жарна енгізді			
а) кассаға ақшалай	100000		
б) автокөлік	200000		
в) тауар	200000		

3.12 Пайданы бөлу есебі. Қорларды құру мен оларды пайдалану.

Пайда банктің кірісі мен шығысы арасындағы айырма ретінде жыл аяғында жүйеленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша пайда есепті жылдың нәтижесі бойынша келесідей бөлінеді: 30% - бюджетке төлемдер, қалған бөлігін банктің бақылаушы кеңесімен бекітілген пайданы бөлу мен жүйелеу туралы жағдайға сәйкес бағыттайды: 1) резервтік қор құруға – 20%; 2) дивидендтерді төлеуге - 40%; 3) жинақтау қорына – 25%; 4) тұтыну қорына – 15%.

Есеп

Бухгалтерлік өткізбелерді әзірлеу

- пайданы бөлу кезінде;
- корпоративтік табыс салығы төленді.

3.13 Банктің кірісі мен шығысының есебі

Кірістер банктің есепті кезеңде жағдайының жақсаруын көрсетеді. Нәтижесінде табыс болып есептелмейтін акционерлердің қосымша жарнасын есептемегенде банктің өзіндік капиталы өседі. Банк кірістері есептеу әдісі арқылы теңгемен беріледі және негізгі және негізгі емес саладан тұрады.

Банктер шығындары-өздік капиталын азайтуға әкелетін, яғни кірістерден шығындардың артуы.

Банк шығындары есептеу әдісі арқылы теңгемен беріледі және алынған несиелер, депозиттер, бағалы қағаздар мен банк саласын қамтумен байланысты әртүрлі шығындар операциясы пайыздық және комиссиялық төлемдерден тұрады.

Пайыздық кірістер есепке алынуы мүмкін активтер- есептелген кірістер- пайыздық кірістер.

Пайыздық кірістер есепке алынуы мүмкін активтер 1000;1499 шоттарында көрініс табады.Пайыздық кірістер 4000; 4499 шоттарында есептелінеді.

Әрбір актив шотына пайыздық кірістер шоты сәйкес келеді және актив шотының соңғы үш цифры кіріс шотының соңғы үш цифрына тең.

Пайыздық шығындар есепке алынуы мүмкін міндеттемелер , есептелінген шығындар 2000-2499 шотында есепке алынады.Пайыздық шығындар 5000-5499 шотында көрініс табады.

Әрбір міндеттеме шотына пайыздық шығындар шоты сәйкес келеді,бұған қоса міндеттеме шотының соңғы үш цифры шығындар шотының соңғы үш цифрына тең.

Қаржылық жылдың аяғында кірістер мен шығындар шоты нәтиже шотына жабылады (жыл ішіндегі пайда мен шығын).

Есеп. Бухгалтерлік өткізбелерді жасау:

- несие берген уақыттан бастап пайыздарды есептеу;
- есептелген пайыздардың ақша қаражаттары өтеуге келіп түскенде;
- бағалы қағаздарды мен шетел валютасын қайта бағалаудан түске кірістер;
- негізгі құралдарды, тез тозатын және аз бағаланатын активтерді, материалдық қорларды сатудан түскен кірістер;
- резервтік қамтудан түске кірістер;
- басқа банктерден, қаржылық немесе қаржылық емес мекемелерден несие немесе депозиттер алу;
- несие немесе депозит алған сәттен бастап пайыздарды есептеу;
- есептелген пайыздарды төлеу кезінде;
- бағалы қағаздарды мен шетел валютасын қайта бағалау шығындары;
- резервтік қамтудың шығындары.

3.14 Банктердегі салықтар есебі

Қазақстан Республикасын Президентінің « Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы» жарлығына сәйкес банк заңды тұлға ретінде табыс салығын төлейді.

Салықтар заңмен белгіленген мерзім бойынша теңгемен есептеліп, төленеді.

Табыс салығы мерзімі ұқзартылған және мерзімінен бұрын төленетін болуы мүмкін.

Есептер

Бухгалтерлік өткізбелерді дайындау:

- табыс салғы бойынша аванстық төлем;
- табыс салығы төленді;
- әлеуметтік салық төленді;
- әлеуметтік салық есептелді;
- шығындарды қайта бағалау;
- банк кірісін бөлу..

4 ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Закон РК «О Национальном банке Республики Казахстан» от 30 марта 1995 года № 1234
- 2 Закон РК «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 30 августа 1995 года № 2444
- 3 Правила о порядке перехода банков второго уровня к международным стандартам, утверждены постановлением Правления Национального банка от 31 марта 1997 года № 89, с изменениями и дополнениями
- 4 Закон РК «О банке развития Республики Казахстан» от 25 апреля 2001 года № 178-11 с изменениями и дополнениями
- 5 Закон РК «О государственном регулировании и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» от 4 июля 2003 № 474-11
- 6 Постановление Правления АФН «Об утверждении Инструкции о нормативных значениях и методиках расчетов пруденциальных нормативов для банков второго уровня» от 30 сентября 2005 года № 358, с изменениями и дополнениями
- 7 Постановление Правления АФН «Об утверждении Правил классификации активов, условных обязательств и создании провизий (резервов) против них от 25 декабря 2006 года № 296 с изменениями и дополнениями
- 8 Постановление Правления АФН «О минимальных размерах уставного и собственного капиталов банков второго уровня» от 2 сентября 2008 года № 140
- 9 Абдрахманова Г.Т., Нурсеитова Р.А. Тенденции и перспективы развития финансового сектора в Казахстане//Банки Казахстана.-2003, № 12.- С. 31-40.
- 10 Банки и банковское дело. Под ред. Балабанова И.Т..- Санкт-Петербург: Питер, 2001.- 304 с.
- 11 Банковское дело/Под ред. Г.С.Сейткасимова.- Алматы: 1998.-576 с.
- 12 Банковское дело (Настольная книга банкира): Учеб. Пособие/Под научной ред. А.А.Абишева, С.А.Святова.-Алматы:Экономика, 2007.-382 с.
- 13 Банковское дело: стратегическое руководство.-М.:Консалтингбанкир, 1998.-432 с.
- 14 Бельгибаева К.К. Финансово-банковская статистика.- Алматы: Экономика, 2000.- 200 с.
- 15 Бережная Е.В., Бережной В.И. Математические методы моделирования экономических систем.- Москва: Финансы и статистика, 2001.- 368 с
- 16 Деньги, кредит, банки. Под ред.Г.С.Сейткасимова.- Алматы: Экономика, 1999.- 432 с.
- 17 Деньги. Кредит. Банки. Ценные бумаги/ Под ред Е.Ф. Жукова.- Москва: ЮНИТИ, 2001.- 310 с
- 18 Замков О.О., Толстопятенко А.В., Черемных Ю.Н. Математические методы в экономике.- Москва: Дело и сервис, 2001.- 368 с.
- 19 Калиева Г.Т. Коммерческие банки в Казахстане: проблемы устойчивости.- Алматы: Экономика, 1999.- 240 с.
- 20 Климова Н.Н. Формирование и развитие рынка банковских услуг: проблемы и региональные особенности.-Усть-Каменогорск, КАСУ, 2008, 159 с.
- 21 Кобелев Н.Б. Практика применения экономико-математических методов и моделей.- Москва: Финстатинформ, 2000.- 246 с.
- 22 Корнев В.А., Квасов А.И. Метод экспертных оценок.- Усть-Каменогорск: ВКТУ, 1999.- 25 с.
- 23 Кулагина Г.Д., Дианов Д.В. Финансово-банковская статистика: Учебное пособие.-М.: Изд-во МНЭПУ, 1999.-140 с.

- 24 Миржакыпова С.Т. Банковский учет в Республике Казахстан: учебник. Ч 1.- Алматы: Экономика, 2008.-784 с.
- 25 Нурсейт Н.А. Привлечение сбережений в банковскую систему страны// Банки Казахстана.- 2002, № 12.- С. 27-43.
- 26 Петров А.Ю. Комплексный анализ финансовой деятельности банка.-М.: Финансы и статистика, 2007.-560 с.
- 27 Регионы Казахстана, 2007. Статистический сборник./Под ред. А.А.Смаилова/- Алматы, 2007.-432 с.
- 28 Роуз П. Банковский менеджмент: предоставление финансовых услуг.- Москва: Дело ЛТД, 1999.- 743 с.
- 29 Синки Дж. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг;пер.с англ.-М.:Альпина Бизнес Букс,2007.-1018 с.
- 30 Стоянова Е.С Финансовый менеджмент.- Москва: ИНФРА,2001.-625 с.
- 31 Статистический бюллетень Национального Банка Казахстана № 12(109) декабрь 2007 г.
- 32 Социально-экономическое развитие Восточно-Казахстанской области, декабрь 2007 года.- Усть-Каменогорск, 2007.- 172 с.
- 33 Статистический бюллетень по банковской системе Восточно-Казахстанской области.- Усть-Каменогорск, 2008.- 49 с.
- 34 Текущее состояние банковского сектора//Банки Казахстана.-2008, №7.с.3-8
- 35 Хамитов Н.Н., Байбулатов Р.Ж. Банковский надзор в Казахстане.- Алматы:Экономика, 2001.-198 с.
- 36 Шеремет А.Д. Финансовый анализ в коммерческом банке,Москва,2001,256 с.